

«Эскроу-шот» режимінде банктік ағымдағы шотты ашуға өтініш

Эскроу-агенттің www.halykbank.kz сайтында орналастырылған «эскроу-шот» режимінде банктік ағымдағы шотты қосу шартының ажырамас бөлігі болып табылады

Төлеуші: {Жеке кәсіпкер «ЖК.»}

Алушы: {Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «2-ЖК»}

Эскроу-агент: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Төлеуші мен Алушы арасында жасалған қызметтер көрсету туралы шарт «Эскроу-шот» режимінде банктік ағымдағы шотты қосу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасу үшін негіз болып табылады.

Бұл шартта Төлеуші тапсырыс беруші, ал Алушы орындаушы болып табылады.

Банктік шот түрі: «Эскроу-шот» режиміндегі ағымдағы шот {KZ123456789102345678}

Банктік шоттың валютасы: теңге

Банктік шот Алушының атына ашылады

Шот бойынша кепілдікті өтеудің ең жоғары (шекті) сомасы: ұлттық валютада 10 (он) миллион теңгеден аспайды. Кепілдікті өтем шоттағы қалдық сомасы негізге алына отырып, бірақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде Эскроу-агентті лицензиядан айыру күніне төленеді. Бұл талап жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға қатысты қолданылады.

Банктің тарифтері Эскроу-агент филиалдарының бөлімшелерінде, Эскроу-агенттің www.halykbank.kz сайтында орналастырылады.

Осы Өтінішке қол қою арқылы Төлеуші және Алушы:

1. Төлеуші мен Алушы Шартты тұтастай оқығанын, түсінгенін, қабылдағанын, ешқандай ескертулері мен қарсылықтары жоқ екенін, Шарттың барлық талаптарымен келісетіндігін растайды.
2. Шарттың барлық талаптары Төлеуші мен Алушының мүдделері мен ерік-жігеріне толық сәйкес келетіндігін растайды.
3. Төлеуші Шарттың қолданылуы кезінде ол «эскроу-шот» режимінде банктік ағымдағы шотта Алушы Эскроу-агентке Шартта көзделген құжаттарды ұсынған кезде Эскроу-агент есептен шығару үшін қажетті соманы қамтамасыз ететініне кепілдік береді.
4. Эскроу-агенттің Төлеуші мен Алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) осы Өтініші болғандықтан, Шартта олардың қолтаңбаларының жоқтығына олар Шартты

оқымаған, түсінбеген, қабылдамағанының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін растайды.

5. Төлеушінің және Алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) Өтініш қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатқа тең екендігін растайды.
6. Өтініште көрсетілген ақпарат шындыққа сай екенін растайды.
7. Шарт бойынша банк қызметтерін ұсынудың тарифтері мен талаптары туралы, сондай-ақ Эскроу-агенттің тарифтерге өзгерістер, толықтырулар енгізу құқығы туралы, Шартта белгіленген тәртіппен тарифтерге өзгерістер, толықтырулар орналастыра отырып, оларға берілген ақпаратпен танысқандығын растайды.
8. Шартты жасасуға, орындауға байланысты ықтимал тәуекелдер туралы білетінін растайды.
9. Өтінішке қол қою және Эскроу-агентке беру үшін барлық қажетті өкілеттіктер бар екенін және Эскроу-агентке растайтын құжаттарды ұсына алатынын растайды.
10. Дербес деректер субъектілері болып табылатын Төлеуші мен Алушы осы Өтінішпен бірге Эскроу-агент белгілеген тәртіппен және нысанда Эскроу-агентке дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім бергенін растайды.

Төлеуші {}

Налык ЭЦҚ-мен қол қойылды

Алушы {}

Налык ЭЦҚ-мен қол қойылды